**Өзін-өзі бағалау қорытындысы**
**Астана қаласы әкімдігінің «Ғафу Қайырбеков атындағы № 2 мектеп-гимназия" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны**

**Астана қаласы** **2023 жылғы «18» тамыз, 10.00 сағат**

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын *(бұдан әрі – Заң)*, «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 ж. 02.02. № 124 бұйрығын *(бұдан әрі - бұйрық)* басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету Комитетінің Астана қаласының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің *(бұдан әрі – Департамент)* 2022 ж. 15. 04. №134 бұйрығымен бекітілген 2023 ж. арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде Астана қаласы әкімдігінің «Ғафу Қайырбеков атындағы № 2 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында комиссия құрамымен (*бұдан әрі- №2 мектеп-гимназия)* өзін-өзі бағалау жұмысы жүргізілді.

Мектеп директорымен 2023 ж. 29. 06. №128 бұйрығымен бекітілген комиссия *(бұдан әрі – комиссия)* өзін-өзі бағалау жұмысын өткізді.

**Комиссия құрамы:**

- Комиссия төрағасы-мектеп директоры **С.Б.Нугуманов**
- Комиссия мүшелері:

Директордың оқу жұмысы бойынша орынбасары:**Т.С.Сейдахметова**
Директордың оқу жұмысы бойынша орынбасары: **А.К.Залетаева**
Директордың оқу жұмысы бойынша орынбасары:**Ж.Қ.Кәменова**
Директордың тәрбие жұмысы бойынша орынбасары: **Б.А.Абдульманова**
Директордың бейіндік жұмысы бойынша орынбасары: **Ш.А.Жумагулова**
Директордың шаруашылық жұмысы бойынша орынбасары:**С.Б.Ануаров**
Директордың тәрбие жұмысы бойынша орынбасары:**А.Ж.Ниязбекова**
Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:**Б.М.Искаков**

Комиссия бағалау критерийлеріне сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдарының бағалау жүргізу кезінде негізгі бағыттары мен зерделеу объектілері бойынша өзін-өзі бағалау материалдарына, оның ішінде ұсынылатын Білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының *(бұдан әрі - МЖМБС)* талаптарына сәйкестігіне 10-17 тамыз аралығында талдау жүргізді.

№2 мектеп-гимназия іс-құжаттарын зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру нысандарында орналастырылған мәліметтермен, ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерімен салыстыра

отырып, комиссия бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйым қызметінің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау және толық талдау жүргізді.

| **Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер:** | |
|---|---|
| 1) | Астана қаласы әкімдігінің "Ғафу Қайырбеков атындағы № 2 мектеп-гимназия" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны. |
| 2) | Астана қаласы, Сарыарқа ауданы,Сейфуллин көшесі, 19 ғимарат |
| 3) | 8717-2-50-16-31, E-mail:astana_sh2@mail.ru |
| 4) | Директор Нугуманов Сырым Ботаханович Білім басқармасының 2020 жылғы 27.08. № 749 ж\қ бұйрығы негізінде тағайындалған |
| 5) | БСН 660740000020 Астана қаласы, 010000 Жарғысы, тіркеу №22121-1901-НАО-МК |

| **Білім беру ұйымының төлқұжаты** | | |
|---|---|---|
| 1 | Білім беру ұйымының атауы | Астана қаласы әкімдігінің Ғафу Қайырбеков атындағы «№2 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны |
| 2 | Білім беру ұйымының ашылу жылы | 1966 жыл, 1 қыркүйек |
| 3 | Мекен жайы | С. Сейфуллин көшесі, 19 ғимарат |
| 4 | Оқыту тілі | аралас |
| 5 | Оқыту бейіні бойынша білім беру ұйымының негізгі түрі | мектеп-гимназия |
| 6 | Білім беру бағыты | қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану – математикалық |
| 7 | Инновациялық жоба / эксперименттік алаң атауы | **Инновациялық жобалар**<br>1. «STEM» лаборатория<br>2. «Әлеуметтік қолдау көрсету» жобасы<br>3.«CISCO» - Ақпараттық-технологиялар негізі<br>4. «Виртуалды» кабинет |
| 8 | Инновациялық кабинеттер | 1. Химия кабинеті<br>3. Биология кабинеті |

| | | |
|---|---|---|
| | | 4.Физика кабинеті<br>5. STEM лаборатория |
| 9 | Сыйымдылығы | 800 орын |
| 10 | Ғимарат типі | кірпіш |
| 11 | Оқушы саны | 1824 |
| 12 | Басшысы | Нугуманов Сырым Ботаханұлы |
| 13 | Байланыс телефоны | 8(7172)31-50-16 |
| 14 | Эл.поштасы | astana_sh2@mail.ru |
| 15 | Ресми сайты | https://2schoolastana.uali.kz/ru/ |
| 16 | Әлеуметтік желідегі парақшасы | https://www.facebook.com, https://instagram.com/2_school_nursultan?igshid=YmMyMTA2M2Y= |
| 17 | Мектептің миссиясы | Білім алушылардың бейімділгі мен қабілетін қалыптастыру арқылы жан-жақты, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны тәрбиелеу. |
| 18 | Мектептің пайымдауы | Біз ізгілікті білім беруде үздік шығармашыл мектеп боламыз. |
| 19 | Мектептің білім берудегі артықшылығы | Спорт, шығармашылық іс-әрекеттерге көп көңіл бөлінеді, негізгі идеясы қабілетті, дарындыларды қолдауға, көшбасшыларды тәрбиелеуге арналған. |
| 20 | Мектептің оқушыға жасалған қолайлы жағдай | Оқушылар үшін келесі жобалар мен үйірмелер жұмыс жасайды:<br>«Оқуға құштар мектеп» жобасы<br>«Парасат» дебат клубы<br>Робототехника клубы<br>STEM зертханасы<br>Журналистика үйірмесі<br>Домбыра үйірмесі<br>Жас блогер «СММ» клубы<br>«Әлеуметтік қолдау көрсету» жобасы<br>«Эко-әлем» жобасы<br>«Ұлттық құндылықтар» жобасы |
| 21 | Мектептегі кадрмен қамтылуы | Барлығы -130, оның ішінде, әкімшілік – басқару қызметкерлері –7, мұғалім саны-123. |
| 22 | Мектеп түлектерінің жұмысқа орналасуы | **2021-2022 оқу жылы**<br>Түлектер саны-87<br>Жоғары оқу орындарына оқуға |

<table>
<tr><td></td><td></td><td>түскендер-57<br>Шетелге кеткендер-12, соның ішінде оқуға түскендер-12,<br>Жұмысқа орналаспағандар-0</td></tr>
<tr><td>23</td><td>Серіктестік байланыстар</td><td>«Тұран-Астана» университеті;<br>«Білім - Өркениеті» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы;<br>«Евразия гуманитарлық институты»;<br>«Белсенді өмір сүру орталығы»;<br>«Туризм мен өлкетану» орталығы;<br>«Сәби бақыты» қоры.</td></tr>
<tr><td>24</td><td>Мұғалімнің кәсіби өсуі</td><td>ПШО, Өрлеу БАҰО АҚ, «Ақбұлақ» білім беру орталықтарының ұйымдастырумен өткізілетін курстардан мектеп мұғалімдерінің 60 %-дан астамы өтті.<br>25 мұғалім - инклюзивті оқыту бойынша курстан өтті.</td></tr>
<tr><td colspan="3">2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарындағы №2 мектеп-гимназияның оқу-тәрбие бойынша жүргізілгін іс әрекеттері мектептің ресми сайтында https://2schoolastana.edu.kz/kz/ апта сайын жаңартылады. Сайтта оқушыларға, ата-аналарға, педагогтерге ақпараттар, әдістемелік көмектер, жаңалықтар және құқықтық-нормативті құжаттар мен серіктес білім беру ұйымдарына сілтемелер көрсетілген. Сонымен қатар фейсбук https://www.facebook.com және мектеп инстаграмы<br>https://www.instagram.com/2_school_astana/?igshid=YmMyMTA2M2Y%3D<br>әлеуметтік желі парақшаларында, мектеп парламенті инстаграмы: https://instagram.com/2_schoolnews?igshid=YmMyMTA2M2Y=, мектеп тик-ток желісінде: https://www.tiktok.com/@2_school_astana----, директор инстаграмында: https://instagram.com/syrym.botakhanuly,мектеп кітапханасы желісі: https://instagram.com/kita.nhana?igshid=YmMyMTA2M2Y= және ютуп каналда https://www.youtube.com/channel/UC3gXPueBj81aH7E0JGwSZ3Q мектеп-гимназия аясында жүргізіліп жатқан оқу-тәрбие жұмыстары жарияланып, ата-аналар, оқушылар мен әріптестерден  кері байланыстар алынып отырады.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Мектепте қолайлы жағдайлар мен қауіпсіз орта құру мақсатында бейне бақылаумен қамтамасыз етілген.<br>Мектеп  ғимаратын бейне бақылаумен қамтамасыз ету  мақсатында 58 камера оның  24 камеры (16 ішкі  және 8 сыртқы  ЦОУ бойынша қосылған, 9 сыртқы және  25 ішкі камералар қойылған. Видео камераларды орналастыру</td></tr>
</table>

| |
|---|
| және дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін тиісті мекемелермен келісім шарт жасалды. Ғимаратқа кіруді бақылауды ұйымдастыру мақсатында турникеттер қойылған. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар контингентіне сәйкес арнайы жағдайлар мен мүмкіндіктер қарасырылған. Ғимарат асхана, акт залы, кітапхана, спорт залы және сыртқы ойын алаңымен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар ерекше  қажеттіліктері бар балалардың оқу мен тәрбие үрдісінде толық қамтылу үшін мектеп ғимаратына кіргеннен бастап кедергісіз ортаның болуы қамтамасыз етілген. 2021-2022 оқу жылында 7 ерекше білім беруді қажет ететін бала оқыды. Оларға ПМПК-нің қорытындысына сәйкес, жеке және бейімделген бағдарламалар жасалды. |
| **Педагогикалық ұжыммен жұмыс.**<br>**Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру**<br>Мектептің әдістемелік қызметі білім саласына қатысты заңдар, заңнамалар, бағдарламалармен толық қамтамасыз етілген. Әдістемелік кеңесте күнтізбелік жоспарды жасауға қолданылатын бірыңғай талаптар, әдістемелік нұсқаулық  хат, білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқу басылымдарының тізбесі таныстырылып, талқыланды. Бірлестік отырыстарында пән бойынша бағдарламалар қаралды. Бірлестік жетекшілеріне бірлестік іс-құжаттарын жүргізу жайлы нұсқау берілді. Мектепішілік олимпиада және ғылыми жобалар сайысы ҚРБЖҒ министрінің «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадаларды ұйымдастыру және өткізу қағидалары» және «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурстарын ұйымдастыру және өткізу қағидаларына» сай жүргізілді.<br>Әдістемелік кеңес, пән бірлестіктері отырысының хаттамалары, іс-құжаттары талапқа сай жүргізілді. Әдістемелік бірлестіктің отырыстары өз уақытында өтіп тұрды. Оларда 2022-2023 оқу жылына арналған мұғалімдердің күнтізбелік жоспарлары талқыланып, бекітілді. Әдістеме бірлестігінің жылдық жоспары, үйірме, таңдау пәндерінің жоспары талқыланып, бекітілді. Әдістемелік отырыста пән онкүндіктері, пәндік олимпиада материалдарын дайындау, озық іс-тәжірибе мектебімен танысу, ашық сабақтардың жоспары, дарынды оқушылармен жұмыс, педоқулары тақырыптары, мұғалімдер аттестациясы, курстары, тәлімгерлік жұмыс жайында және басқа да атқарылатын жұмыстар туралы қаралып, есеп берілді. Әдістемелік жұмысты ұйымдастыруда төмендегі бағыттар басшылыққа алынды:<br>І.Мектеп мұғалімдерінің біліктілігін көтеру жүйесі, педагогтық шеберлікті, кәсіптік деңгейін жоғарылатуға бағытталған және педагогтарды шығармашылық |

потенциалын көтеру.
II.Педагогтардың кәсіптік дамуын қолдауға арналған мектептің әдістемелік қызметін жетілдіру.
III.Озық тәжірибені оқып үйрену, тарату.
IY.Педагогтардың жаңашыл қызметтері – мектептің оқыту үрдісінің сапасын көтеру және мұғалімдердің ғылыми-педагогтық қызметтерін жандандыру.
Y.Дарынды оқушылармен жұмыс
YI.Тәлімгерлік жұмыс
I.Педагогикалық кадрлардың сапалық құрамының сараптамасы.
Мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында мектепішілік пәндік онкүндіктер ұйымдастыру, мұғалімдерді аттестациядан өткізу, білім жетілдіру курстарына қатыстыру, мектепішілік бақылау, зерттеу жұмыстары жүргізілді.
1.Мектепте оқу жылында 1-11 сыныптарда – 1822 оқушы білім алды.
Мектеп мұғалімдерінің сандық, сапалық құрамы:
Барлық педагог саны –123, соның ішінде
Бала күтіміне байланысты демалыста отырғандар – 5
Тәлімгер – 1
Психолог – 2
Әлеуметтік педагог – 1
2. Біліміне қарай:
Магистрант - 17
3. Педагогикалық өтіліне қарай:
Еңбек өтілі:
0-5 жылға дейін - 22%
5-20 жылға дейін -36%
20 жылдан жоғары -42%
Барлығы: 123 мұғалім
4.Кәсіби біліктілігіне қарай:
Жоғары санат – 3 мұғалім -0,2%
Бірінші санат- 3 мұғалім -0,2%
Педагог-шебер – 8 мұғалім - 6,5%
Педагог-зерттеуші – 36 мұғалім -27%
Педагог- сарапшы – 20 мұғалім -16%
Педагог-модератор -11 мұғалім- 10%
Педагог-24 мұғалім -20%

| | |
|---|---|
| Санаты жоқ -18мұғалім-15%<br>Барлығы:123 педагог | |
| **12. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру мазмұнына өлшемшарттар:** | |
| 1) | **Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 карашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ҮОЖ) сәйкестігі:**<br>**Талдау нәтижелері**:<br>Ғафу Қайырбеков атындағы №2 мектеп-гимназиясы мектепішілік бақылау жоспары бойынша жұмыс істейді. Соған сәйкес мұғалімдердің біліктіліктерін арттыруы, әдістемелік тұрғыдан дұрыс сабақ берулері, сабақтардың кестеге сай өтілуі, оқу пәндерінің, элективтік курстардың талаптарға сай оқытылуы, жиынтық бағалаулардың жоспарға сай өткізілуі, оқыту бағдарламаларының орындалуы, әкімшілік тарапынан үнемі қадағалауда болғандығы тексеріс нәтижелерінен байқалды.<br>Ғафу Қайырбеков атындағы №2 мектеп-гимназиясының 2021-2025 жылдарға арналған даму бағдарламасы жасалған. Мектептің даму бағдарламасы 2021 жылы мектеп басшысымен бекітілген, мөр басылған.<br>**Мектеп басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелері,** 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарына арналған мектепішілік жоспары, оқу–тәрбие жоспары, мектептің даму бағдарламасы 06.04.2020 жылғы ҚР БҒМ №130 бұйрығына (27.08.2022 жылғы №382 бұйрығымен толықтыруларымен өзгерістер енгізілген) сәйкес жасалған.<br>Мектепішілік бақылау жоспарының құрылымы толық сақталған. Бақылау мақсаты, бақылау обьектісі дұрыс көрсетілген. Мектепішілік бақылауға қойылған тақырыптар дұрыс, өткен оқу жылының талдауына негізделіп құрастырылған.<br>Жалпы екі оқу жылы бойынша тақырыптар бақылау түрлері, әдістері, мақсаттары дұрыс құрастырылған. Нақты сынып, пән, тексеру күні мен |

| | |
|---|---|
| | жауапты тұлғалар көрсетілген. 2021-2022 оқу жылының оқу жұмыс жоспары ҚР БҒМ 2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығына сәйкес жасалған.<br>2022-2023 оқу жылының оқу жұмыс жоспары Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 сәйкес жасалған. Мектеп төмендетілген және толық оқу жүктемесі берілген үлгілік оқу жоспарларымен жұмыс жасауда. Оқу жұмыс жоспары **Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 карашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының (бұдан әрі – ҮОЖ)** талаптарына сәйкес құрастырылған.Мектептің оқу жұмыс жоспарына сәйкес сабақ кестесі жасалған.<br>Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес, мектеп білім беру мазмұнына, оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне, білім алушылардың дайындық деңгейіне және оқу мерзіміне қойылатын талаптарды **Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына сәйкес орындайды.** |
| | Мектептің 2021-2022 оқу жылына арналған жұмыс оқу жоспары оқу-тәрбие процесін нормативтік-құқықтық база негізінде регламенттейді:<br><br>- «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы (2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) (ары қарай ББМЖМС);<br>- «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы (2021 жылғы 26 наурыздағы №125 және 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген);<br>- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығы (2020 жылғы 27 қарашадағы №496 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген);<br>- «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендерінің, құралдарының және басқа |

| | |
|---|---|
| | да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілерінің тізбесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 2021 жылғы 10 маусымдағы №286 бұйрығы;<br>– «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы (2021 жылғы 9 маусымдағы №282 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген);<br>- «Жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және орта білім беру) түрлері бойынша қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 17 қыркүйектегі №375 бұйрығы (2020 жылғы 7 сәуірдегі №131 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген);<br>«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқу технологиясын есепке алғандағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 қарашадағы №596 бұйрығы (2018 жылғы 21 қыркүйектегі №477 бұйрықпен өзгерістер енгізілген)<br>- «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде білім беру ұйымдарында оқу процесін жүзеге асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 13 тамыздағы № 345 бұйрығы;<br>«Қашықтықтан білім беру технологилар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №137 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» 2020 жылғы 28 тамыздағы №374 бұйрығы;<br>«Орта білім беру ұйымдарында 2021-2022 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» ҚР БҒМ 2021 жылғы 27 шілдедегі №368 бұйрығы;<br>- «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы (ҚР ӘМ 2021 жылғы 6 тамызда №23890 болып тіркелген);<br>«Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы» Қазақстан республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысы (ҚР Үкіметінің 2020 жылғы 3 маусымдағы №346 қаулысымен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген);<br>«Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2021-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат (Ы Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2021 жылғы 13 мамырдағы |

№5 хаттамасы)

Мектептің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс оқу жоспары оқу-тәрбие процесін нормативтік-құқықтық база негізінде регламенттейді:

- «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы (ары қарай ББМЖМС);
- «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы *(2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген);*
- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығы *(2020 жылғы 27 қарашадағы №496 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген)*;
- «Қазақстан республикасы Білім және Ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 26 шілдедегі №334 бұйрығы;
- «Оқулықтардығ, оқу-әдістемелік кешендерінің, құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 маусымдағы №291 бұйрығы;
– «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы (2021 жылғы 9 маусымдағы №282 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген);
- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқу технологиясын есепке алғандағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 қарашадағы №596 бұйрығы (2018 жылғы 21 қыркүйектегі №477 бұйрықпен өзгерістер енгізілген) *тек қана жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруға өткен мектептер үшін;*
- «Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім

| | |
|---|---|
| | және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №137 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы білім және ғылым инистрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы №374 бұйрығы<br>- «Орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №363 бұйрығы;<br>- «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы (ҚР ӘМ 2021 жылғы 6 тамызда №23890 болып тіркелген);<br>- «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы» Қазақстан республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысы *(ҚР Үкіметінің 2020 жылғы 3 маусымдағы №346 қаулысымен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген);*<br>- «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2022-2023 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат (Ы Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2022 жылғы 21 шілдедегі №8 хаттамасы)<br>Жалпы білім беретін 5-9 сыныптарға Ғафу Қайырбеков атындағы №2 мектеп-гимназиясының 2022 жылдың 26 тамызында №1 педагогикалық кеңесінің шешімімен «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 карашадағы №500 бұйрығы *(2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген) таңдалды.*<br>1-9 гимназия сыныптарына Ғафу Қайырбеков атындағы №2 мектеп-гимназиясының 2022 жылдың 26 тамызында №1 педагогикалық кеңесінің шешімімен «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 карашадағы №500 бұйрығы *(2022 жылғы «30» 09 №412 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген) таңдалды.*<br>10-11 жалпы білім беретін сыныптарға Ғафу Қайырбеков атындағы №2 мектеп-гимназиясының 2022 жылдың 26 тамызында №1 педагогикалық кеңесінің шешімімен «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 карашадағы №500 бұйрығы *(2022 жылғы «30» 09 №412 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген) таңдалды.*<br>Вариативті компоненттің бағдарламалары Ғафу Қайырбеков атындағы |

| | |
|---|---|
| | №2 мектеп-гимназиясының 2022 жылдың 27 тамызында №1 педагогикалық кеңесінде қаралды.<br>1-11 сыныптарда шет тілі ретінде ағылшын тілі оқытылады.<br>1 -сыныптардағы цифрлық сауаттылық пәні 2023 жылдың қаңтарынан бастап (екінші жарты жылдықта) оқытылады, сынып топқа бөлінбейді.<br>Цифрлық сауаттылық 4-сыныпта «Ақпараттық коммуникативтік технологиялар» оқу пәні бағдарламасымен оқытылады. |
| | **Қорытынды: Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталмады.** |
| 2) | **Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру:**<br><br>**Талдау нәтижелері:** Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің үлгілік оқу бағдарламалары Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығын негізге ала отырып, мектептің үлгілік оқу бағдарламалары әр пән бойынша тексерілді. Тексеру барысында бастауыш сыныптар бойынша 1 «А», «Ә», 1 «Б», 1«Ғ» 1«В», «Г», 1 «Д», 1 «Ж», 1 «Е» сауат ашу, ана тілі, математика; орыс сыныптарында қазақ тілі; 2 «А», 2 «Ә», 2 «Д», 2 «Ж», 2 «Е», 2 «Г» қазақ тілі, математика, ағылшын, орыс сыныптарында қазақ тілі; 3 «А», 3 «Ә», 3 «Б», 3 «В», 3 «Г», 3 «Д», 3 «Е» математика, қазақ тілі, ағылшын, орыс сыныптарында қазақ тілі; 4 «А», 4 «Ә», 4 «Б», 4 «В», 4 «Г», 4 «Д», 4 «Е» сыныптарының әр пән бойынша мақсаттар толық енгізілген. 5 «А», 5 «Ә», 5 «Б» қазақ тілі, қазақ әдебиеті, информатика, қазақстан тарихы; 5 «В», 5 «Г», 5 «Д», 5 «Ж» математика, қазақстан тарихы; 6 «А», 6 «Ә», 6 «Б» қазақ тілі, қазақ әдебиеті, информатика, қазақстан тарихы; 6 «В», 6 «Г», 6 «Д» алгебра, геометрия; 7 «А», 7 «Ә», 7 «Б»,7 «В», 7 «Г», «Д», 7 «Е» қазақ тілі, қазақ әдебиеті, информатика, химия, биология; қазақстан тарихы, физика; 8 «А», 8 «Ә», 8 «Б», 8 «В», 8 «Д» қазақ тілі, қазақ әдебиеті, информатика, химия, география, қазақстан тарихы, физика; 9 «А», «Ә» қазақ тілі, қазақ әдебиеті; биология; 9«В», 9«Г», 9«Д», 9«Е» алгебра, геометрия, биология, физика пәндері бойынша мақсаттар толық енгізілген. |

| | |
|---|---|
| | Бағдарламада оқу мақсаттары кодпен берілген. Кодтың бірінші саны сыныпты, екінші және үшінші саны негізгі дағдылардың ретін, төртінші саны оқу мақсатының реті көрсетілген. Негізгі дағдылар мен оқу мақсатының реті нақты қойылған.<br><br>Білім алушылардың оқу пәнінің базалық мазмұнын меңгеру оқу нәтижелеріне бағдарланған. Оқу бағдарламалары білім алушыларға ғылым нәтижелерімен қоса, оқушылардың әлеуметтенуіне ықпал ететін рухани, әлеуметтік және мәдени тәжірибелерін одан әрі дамытуды қамтамасыз етудің қажеттілігі ескерілген.Білім мазмұнының үздіксіздігі мен сабақтастығы, білім беру мазмұнының академиялық және тәжірибелік бағыттылығы арасындағы теңгерім сақталған. |
| | **Қорытынды: Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталмады** |
| 3) | **Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру:**<br>**Талдау нәтижелері:** Мектептің және сыныптардың тәрбие жұмысының жылдық жоспарлары әдістемелік нұсқау хатына сәйкес құрылып, бекітілген. Тәрбие жұмысының 8 бағытына сәйкес жоспарланған. Мектептің тәрбие жұмысын іске асыруда білім алушылардың субъективті жаңа білімді тануы мен меңгеруі мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дамытуға бағытталған жұмыстар жүргізілген. «Білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» ҚР ОАМ-нің 2022 ж. 03.08. № 348 бұйрығының 2-қосымша 2-тарауының 5-тармағына, 3-қосымша 2-тарауының 14,15-тармақтарына, 4-қосымша 2-тарауының 15, 16-тармақтарына; «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ-нің 2016 ж. 02.02. № 124 бұйрығының 2-параграф 13-тармағының 4) тармақшасына сәйкес жүргізіледі. |
| | **Қорытынды: Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталмады.** |
| 4) | **4) білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көртөмендік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру:**<br>**Талдау нәтижелері:** Оқушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық– |

| | |
|---|---|
| | патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруда сабақтан тыс үйірмелер мен секциялар жүйелі қалыптасқан. Өнер бағытында жүргізілетін үйірмелер: би ансамблі, домбыра студиясы. Ғылыми бағытында жүргізілетін үйірмелер: ағылшын тілі, дебаттық клубы. Спорттық бағытта жүргізілетін үйірмелер: волейбол, футбол, баскетбол, асық ату. |
| | **Қорытынды: Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталмады.** |
| 5) | **Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі):**<br>**Талдау нәтижелері:** Тереңдетілген және стандартты деңгейдегі 10-сыныпта таңдалып алынған пәндер 11-сыныпта сақталған.<br>«Білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» ҚР ОАМ-нің 2022 ж. 03.08. № 348 бұйрығының 3-қосымшасының 1-тарауының 14-тармағы, 4-қосымшасының 2-тарауының 14-тармағына;<br>«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ-нің 2012 ж. 08.11. № 500 бұйрығының 11, 28-қосымшаларына; «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ-нің 2016 ж. 02.02. №124 бұйрығының 2-параграф 13-тармағының 6) тармақшасына сәйкес жүргізіледі. |
| | **Қорытынды: Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталмады.** |
| 6) | **Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру; Талдау нәтижелері:** Үйде оқыту бойынша барлық құжаттар талданды. Оқушылар саны – 6. Бағдарламалары бар, ПМПК ВКК ұсыныстары бар, сабақ кестесі құрылған, күнделікте қалыптастырушы баға қойылған. «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР БҒМ-нің 2020 ж. 06.04. №130 бұйрығымен бекітілген 5-қосымшасына; "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" ҚР БҒМ-нің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген 53, 55 - қосымшаларына; «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» ҚР ОАМ-нің 2022 ж. 05.12. № 486 бұйрығының 2-параграф 13-тармағының 7) тармақшасына сәйкес жүргізіледі. |
| | **Қорытынды: Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталмады.** |
| 7) | **ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің** |

| | |
|---|---|
| | **факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру:**<br>**Талдау нәтижелері: 2021-2022, 2022-2023** оқу жылдарындағы вариативтік компоненттер іске асырылған. Вариативтік компоненттерге алынған таңдау , элективті, гимназиялық компонент атаулары сабақ кестесінде оқу жұмыс жоспарына сәйкес қойылған. Сағат сандары сәйкес келеді. «Жаһандық құзіреттілік» пәні кестеге 0,5 сағаттан ,яғни екі аптада бір реттен қойылған. 1-сыныптардағы «Цифрлық сауаттылық» ережеге сәйкес 2 жарты жылдықтан бастап аптасына бір сағаттан қойылған. ҚР БҒМ-ның 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына, ҚР БҒМ 26.03.2021 жылғы №125 бұйрығына 1-2, 16-17, 19-20, 27, 53, 54, 56 қосымшасына; ҚР БҒМ 20.08.2021 жылғы №415 бұйрығына 1,2, 28 – қосымшаларына; «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ-нің 2016 ж. 02.02. № 124 бұйрығының 2-параграф 14-тармағының 8) тармақшасына сәйкес. |
| | **Қорытынды: Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталмады.** |
| 8) | **"Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсын игеру:**<br>**Талдау нәтижелері:** Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 2-4 сыныптарда «Дүниетану», 5-9 сыныптарда «Дене шынықтыру», 10-сыныптарда «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсы аясында жүзеге асырылған. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының тақырыптары мұғалімдердің күнтізбелік тақырыптық жоспарларында нақты көрсетілген. Сабақ тақырыптары Kundelik.kz электрондық журналында толтырылған.<br>ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы № 348 бұйрығына 3-қосымшаның 56-тармағы; «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ-нің 2016 ж. 02.02. № 124 бұйрығының 2-параграф 13-тармағының 9) тармақшасына сәйкес |
| | **Қорытынды: Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталмады.** |
| 9) | **«Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсын іске асыру:**<br>**Талдау нәтижелері:**<br>«Жол қозғалысы ережелері» оқу курсының мазмұны 1-7 сыныптартардың жылдық тәрбие жұмысында жоспарланып, сынып сағаты және сыныптан тыс іс-шаралар арқылы іске асырылған. Сынып сағаттарының тақырыптары Kundelik.kz электрондық журналының ҚББ бөлімінде толтырылған.<br>ҚР ОАМ-нің 2022 ж. 03.08. № 348 бұйрығының 3-қосымшасының 1-тарауының 14) тармақшасына, 4-қосымшасының 4-тарауының 40,41-тармақтарына; «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ-нің 2016 ж. 02.02. №124 бұйрығының 2-параграф 13-тармағының 6) тармақшасына сәйкес |
| | **Қорытынды: Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталмады.** |

| | |
|---|---|
| 10) | **Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 30721 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сақтау**:<br>**Талдау нәтижелері:** Біліктілік талаптарының сақталуы бойынша барлық растайтын құжаттары (жабдыққа арналған жүкқұжаттардың және/немесе бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдардың тізбесі көшірмелері), осы Өлшемшарттардың 10, 11, 12, 13, 14, 17-қосымшаларына сәйкес толтырылған кестелер, оның ішінде жалпы білім беру ұйымы бойынша оқу және оқу-зертханалық жабдықтар мен жиһаздардың болуы жөніндегі бейне материалдар қоса тексерілді.<br>**Талдау нәтижелері: 1.** Барлығы 123 педагогтің іс-құжаттары тексерілді. Қаралған құжаттар бойынша:<br>- барлық мұғалімдердің мамандықтары бойынша дипломдары сәйкес<br>-педагогтардың жеке куәліктері, соттылығы жоқ туралы анықтама, наркодиспансерия құжаттары толық бар.<br>- шетелдік дипломдары бар мұғалімдердің -Ондыбаев М.С., Жумаева М.А. нострофикациясы бар;<br>- біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі туралы сертификаттары бар.<br>«Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» ҚР БҒМ-нің 2015 ж. 17.06.<br>№ 391 бұйрығының 2-тармағы, 9-тармағына; «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ-нің 2016 ж. 02.02. № 124 бұйрығының 2-параграф 13-тармағының 11) тармақшасына сәйкес. |
| | **Қорытынды: Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталмады.** |
| **13. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің білім алушыларының оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:** | |
| 1) | **Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы:**<br>**Талдау нәтижелері:**<br>2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарындағы оқу жоспарындағы апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі, соның ішінде 1-11 сыныптардағы және сыныптан тыс (факультатив, тандау курстары) жүктемелерінің ең жоғары көлемі ҚР МЖББС көрсетілген нормадан аспайды.Инварианттық және вариативтік компоненттері саны сәйкес келеді. Әр компоненттің сабақ кестесі бөлек құрылған, апталық сағат сандары оқу жүктемесіне сәйкес |

| | |
|---|---|
| | келеді. Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы ҚР ОАМ-нің 2022 ж. 03.08. № 348 бұйрығына 2-қосымшаның 28-тармағы, 3-қосымшаның 40-тармағы, 4-қосымшаның 30-тармағына**;** «Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлерін бекіту туралы» ҚР БҒМ-нің 2016 ж. 02.02. № 124 бұйрығының 2-параграф 14-тармағының 1) тармақшасына сәйкес. |
| | **Қорытынды: Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталмады.** |
| 2) | **Білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ҮОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы:**<br>**Талдау нәтижелері.** 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарындағы оқу жұмыс жоспарлары<br>ЖББ ҮОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің саны сәйкес және сақталған. Үйде оқытылатын білім алушылары бар 1ж, 7ә, 8ә, 10б сыныптарының апталық оқу жүктемесі сәйкес. Инвариантты және вариативті компоненттері саны дұрыс қойылған. Білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемі, сондай-ақ ҮОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі ҚР ОАМ-нің 2022 ж. 03.08. № 348 бұйрығына 2-қосымшаның 29-тармағы, 3-қосымшаның 41-тармағы, 4-қосымшаның 31-тармағына**;** «Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлерін бекіту туралы» ҚР БҒМ-нің 2016 ж. 02.02. № 124 бұйрығының 2-параграф 14-тармағының 2) тармақшасына сәйкес. |
| | **Қорытынды: Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталмады.** |
| 3) | **Сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау:**<br>**Талдау нәтижелері:** МЖББС талаптарына сәйкес инвариантты компоненттегі пәндер бойынша сыныптарды топқа бөлу ережесі сақталған. 1д, 3ә, 3д, 5д, 5е, 5ж сыныптарында инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптар сақталған. Сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлінуі ҚР ОАМ-нің 2022 ж. 03.08. № 348 бұйрығына 2-қосымшаның 30,31-тармақтары, 3-қосымшаның 43,44,45-тармақтары 4- |

| | |
|---|---|
| | қосымшаның 33,34-тармақтары талаптарына; «Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлерін бекіту туралы» ҚР БҒМ-нің 2016 ж. 02.02.№124 бұйрығының 2-параграф 14-тармағының 3) тармақшасына сәйкес. |
| | **Қорытынды: Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталмады.** |
| **14. Білім алушылардың дайындық деңгейіне өлшемшарттар:** | |
| 1) | **ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндеріне) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі (оқытудан күтілетін нәтижелер):**<br>**Талдау нәтижелері:** Негізгі орта, жалпы орта мектеп курсы бойынша үлгерімді ағымдағы бақылау және қорытынды аттестаттау ҚР БҒМ-нің 2008 ж. 18. 03 № 125 бұйрығымен бекітілген «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, оларға аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидаларына» сәйкес жүргізіледі.<br>2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарындағы негізгі орта, жалпы орта білім беру курсы бойынша білім алушыларды қорытынды аттестаттау хаттамалары тексерілді. Хаттамадағы сөзбен жазылған цифрмен жазылған мәліметтерге сәйкес келеді. Қорытынды аттестация емтиханға жауапты және ассистенттердің аты-жөндері қорытынды аттестация кестелерінде бекітілген мәліметтерге сәйкес келеді, хаттамада қолдары қойылған. Хаттамалар үлгіге сәйкес жасалған.<br>2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарындағы хаттамаларды Kundelik.kz электронды журналмен салыстырған кезде сәйкес. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы №348 бұйрығы «бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттының» 47,48-тармақтары, «Негізгі орта білім берудің мелекеттік жалпыға міндетті стандартының 63,64-тармақтарына; 57,58-тармақтарына; «Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлерін бекіту туралы» ҚР БҒМ-нің 2016 ж 02.02. №124 бұйрығының 2- параграф 16 тармағының 2) тармақшасына сәйкес |
| | **Қорытынды: Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталмады.** |
| 2) | **Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13137 болып тіркелген) білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім** |

| | |
|---|---|
| | **алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау:**<br>**Талдау нәтижелері**: 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарындағы білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау бойынша тексеру жұмысы жүргізілді. Kundelik.kz электронды платформасын тексерістен толық өткізілді.<br>Білім алушылардың сабаққа қатысуы жүйелі түрде жүргізіледі. Ағымдағы жылғы білім алушылардың жазбаша жиынтық жұмыстары сақталып тұр. БЖБ үшін максималды балл 1-4 сыныптарда кемінде 7 және 15 балдан артық емес, 5-11 (12) сыныптарда кемінде 7 және 20 балдан артық емес, дұрыс. 2-11 сынып оқушыларына формативті бағалау, бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (бұдан әрі – БЖБ) және тоқсан бойынша жиынтық бағалау (бұдан әрі ТЖБ) нәтижелері бойынша білім алушыларға тоқсандық оқу жетістіктерін бағалау кезінде ескерілетін балдар қойылды. Білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау<br>«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ-нің 2008 ж. 18.03. № 125 бұйрығының 2-тарауына; «Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлерін бекіту туралы» ҚР БҒМ-нің 2016 ж. 02.02. № 124 бұйрығының 2-параграф 15-тармағының 3) тармақшасына сәйкес жүргізіледі. |
| | **Қорытынды: Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталмады** |
| 3) | **Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына сәйкес ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту кезінде инклюзивті білім берудің (дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу) талаптарын орындау:**<br>**Талдау нәтижелері:** Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі құрылған, бұйрық шығарылған.Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметі отырыстары ұйымдастырылған. Ерекше білімді қажет ететін оқушылардың жеке бағдарламалары бар. Педагог-психолог, арнайы педагогпен жеке және топтық сабақтар өтіледі. Күнделікте |

<table>
<tr><td></td><td>қалыптастырушы баға қойылған. Ата-аналармен әңгімелесу журналы жүргізіледі, ППҚКҚ ұсыныстарды және оқушыларды тіркеу журналы жүргізіледі.<br>ҚР ОАМ-нің 2022 ж. 03.08. № 348 бұйрығына 2-қосымшаның 30,31-тармақтары, 3-қосымшаның 43,44,45-тармақтары 4-қосымшаның 33,34-тармақтары талаптарына ; «Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлерін бекіту туралы» ҚР БҒМ-нің 2016 ж.02.02.№124 бұйрығының 2- параграф 14- тармағының 3) тармақшасына,<br>ҚР ОАМ- нің 12.01.2022 №6 бұйрығына сәйкес.</td></tr>
<tr><td></td><td>Қорытынды: Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталмады</td></tr>
<tr><td>4)</td><td>4,9-сыныптардың білім алушыларымен күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуін айқындау және тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау:<br>Талдау нәтижелері:<br><br>Әдістемелік ұсынымдарға 13-қосымша<br>Бітіру сыныптарын тестілеу нәтижелері<br>Астана қаласы әкімдігінің "Ғафу Қайырбеков атындағы № 2 мектеп-гимназия" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны<br>(білім беру ұйымының атауы)<br>2022-2023 оқу жылы
<table>
<tr><th>№</th><th>сынып</th><th>журнал бойынша оқушылар саны</th><th>қатысқан оқушылардың нақты саны</th><th>"5" баға алған саны</th><th>"4" баға алған саны</th><th>"3" баға алған саны</th><th>"2" баға алған саны</th><th>орташа балл</th><th>оң бағалар %</th></tr>
<tr><td>1</td><td>4</td><td>194</td><td>194</td><td>14</td><td>77</td><td>85</td><td>18</td><td>18,84</td><td>90,7</td></tr>
<tr><td>2</td><td>9</td><td>149</td><td>148</td><td>1</td><td>30</td><td>85</td><td>32</td><td>30,77</td><td>78,3</td></tr>
</table></td></tr>
<tr><td></td><td>Қорытынды: Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталмады</td></tr>
<tr><td colspan="2">15. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар:</td></tr>
<tr><td>1)</td><td>Тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау:</td></tr>
</table>

| | |
|---|---|
| | **Талдау нәтижелері:** Білім беру деңгейлерін ескере отырып, тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдері бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі-төрт жыл, негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі-бес жыл, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын игеру мерзімі-екі жыл.<br>Тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдері ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы № 348 бұйрығына 2-қосымшаның 46-тармағы, 3-қосымшаның 62-тармағы, 4-қосымшаның 56-тармағы; «Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлерін бекіту туралы" ҚР БҒМ-нің 2016 ж. 02.02. № 124 бұйрығының 2-параграф 16-тармағының 1) тармақшасына сәйкес |
| | **Қорытынды: Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталмады** |
| 2) | **Сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және күнтізбелік жылдағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау:**<br>**Талдау нәтижелері: 2021-2022,** 2022-2023 оқу жылдарының басталуы туралы бұйрығы Білім басқармасының бұйрығы негізінде құрылған. Әр оқу жылына мектепішілік бұйрық шығарылған. Сыныптар бойынша оқу жылының және каникулдар ұзақтығы сақталған. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы № 348 бұйрығы «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 47,48-тармақтары, «Негізгі орта білім брудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 63,64-тармақтары, «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 57,58-тармақтарына; «Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлерін бекіту туралы» ҚР БҒМ-нің 2016 ж. 02.02. № 124 бұйрығының 2-параграф 16-тармағының 2) тармақшасына сәйкес. |
| | **Қорытынды: Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталмады** |

**Мектептің сыртқы және ішкі даму перспективаларын бағалау**

| **Кадрлық ресурстар** | | | |
|---|---|---|---|
| Ішкі мықты жақтары | Ішкі осал жақтары | Қолайлы мүмкіндіктер | Сыртқы қауіптер (тәуекелдер) |
| Педагог кадрлардың тұрақты құрамы<br><br>Аудандық,қалалық, республикалық | Тәжірибелі мұғалімдердің зейнеткерлік жаста болуы. Орыс тілі | Конкурс арқылы білікті мамандарды жұмысқа алу. Мұғалімдердің | Демографиялық жағдайға байланысты бастауыш сынып мұғалімдеріне, кейіннен орта буын пән |

| | | | |
|---|---|---|---|
| олимпиадалар мен байқауларға қатысу дәрежесінің артуы.<br>Педагог мамандардың бәсекеге қабілетті болуы. | пәндері, бастауыш орыс сыныптары мұғалімдерінің жетіспеушілігі. | кәсіби шеберлігін дамыту. Мұғалімнің өзіндік ізденістері мен тәжрибе алмасуына мүмкіндік жасау. | мұғалімдеріне деген қажеттіліктің артуы |
| **Материалдық-техникалық ресурстар** | | | |
| Ішкі мықты жақтары | Ішкі осал жақтары | Қолайлы мүмкіндіктер | Сыртқы қауіптер (тәуекелдер) |
| материалдық-техникалық жағдайлар білім беру процесін қауіпсіз режимде ұйымдастыруға мүмкіндік береді;<br>материалдық-техникалық ресурстарды жыл сайын толықтырып, жаңарту<br>жан басына шаққандағы қаржыландыру қаражатынан мекте п қажеттілігіне қарай жоспарлау | Мектептің материалдық-техникалық базасының тол ық жетілмеуі : география кабинеті, толық қанды технология (ұлдар-қыздар) кабинеті, психологтердің арнайы кабинеттері, мұғалімдер бөлмесінің болмауы. Спорт залдың бала санынына сай келмеуі | Мүмкіндігінше оқу кабинеттерін қазіргі заманғы технология талаптарына сай жабдықтау. | Конкурсты жеңіп алған мердігер компанияларының келісім-шартты бұзуы, уақытында орындамауы;<br>Бюджет қаражатының жеткіліксіз бөлінуі. |
| **Ақпараттық ресурстар** | | | |
| Ішкі мықты жақтары | Ішкі осал жақтары | Қолайлы мүмкіндіктер | Сыртқықауіптер (тәуекелдер) |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Интернет желісіне қосылудың болуы. Оқыту сапасына мониторинг жүргізу; электрондық журнал және күнделіктер. Мектептің бірыңғай ақпараттық кеңістігі арқылы отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі. | Интернет желісіндегі жылдамдықтың төмендігі. Мұғалімдердің цифрлық ақпараттармен аз мөлшерде жұмыс істеуі. | Онлайн-оқыту мүмкіндігін іске асыру. Мектеп педагогтарының педагогикалық интернет-бірлестіктерге қатысуы. | Ата-аналар мен оқушылардың мектеп электрондық журналын тұрақты пайдаланбауы. |
| **Білім беру және инновациялық қызмет сапасын арттыруға оқу-әдістемелік шарттар** | | | |
| Ішкі мықты жақтары | Ішкі осал жақтары | Қолайлы мүмкіндіктер | Сыртқы қауіптер (тәуекелдер) |
| Жұмыс істеуі – әдістемелік кеңес, проблемалық шы- ғармашылық кафедралар, Қалалық деңгейде мұға лімдердің озық тәжіри белрімен бөлісе алуы. Элективтік курс бағдарламаларын әзірлеу. | Педагогтардың озық іс-тәжірибесін облыстық, республикалық деңгейде таныстырмау. Мұғалімдердің кәсіби шеберлік байқауларына, олимпиадаларға тиімсіз қатысуы.Жалпы білім беретін мектеп жағдайында мүмкіндігі шектеулі балаларды инклюзивті оқыту моделіне ұжымның | Lesson Study зерттеуін жүргізу. Оқушылардың оқу жетістіктерінің нәтижелілігінің мониторингі. | Оқушылардың жеке білім алу қажеттілігін жете сезінбеуі. Ата-аналар тарапынан талаптың әлсіз болуы. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | дайын еместігі. | | |
| **Білім беру мазмұнын іске асыру** | | | |
| Ішкі мықты жақтары | Ішкі осал жақтары | Қолайлы мүмкіндіктер | Сыртқы қауіптер (тәуекелдер) |
| Білім сапасының өсу динамикасы<br>Мұғалімнің білім беру, оқыту бойынша меңгерген білімдері бар.Мұғалім мен оқушы арасында ынты- мақтастық орта қалып тасқан.<br>Оқушылардың пәнге деген қызығушылықтары бар.<br>Жекелеген оқушылардың пәнге байланысты көшбас -шылығы қалыптасқан. | Жалпы білім беретін мектеп жағдайында инклюзивті білім беруді кірістіру.<br>Педагогтар арасында дәстүрлі ұстанымның әлі де орын алуы. Инклюзивті білім беру бойынша мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарының аздығы, қазақ тіліндегі құжаттар, материалдардың тапшылығы. | Мұғалімнің өзіндік ізденістері мен тәжірибе алмасуына мүмкіндік жасау.<br>Сыртқы бақылау жұмыстарының нәтижесін жетілдіру жұмыстары, білімдегі олқылықтардың орнын толтыру. | Жалпы білім беретін мектеп жағдайында инклюзивті білім беруді іске асыру кезінде арнайы мамандардың болмауы.<br>Бастауыш мектептен орта мектепке ауысу кезінде оқушылардың оқу жетістігін төмендету мәселесі.<br>Озат оқушылардың республикалық деңгейдегі мектептерге ауысуы. Сырттан келген оқушылардың білім сапасының төмендігінің білім сапасына әсері. |
| **Білім алушылардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерінің даму шарттары, білім беру сапасы** | | | |
| Ішкі мықты жақтары | Ішкі осал жақтары | Қолайлы мүмкіндіктер | Сыртқы қауіптер (тәуекелдер) |
| Оқыту сапасының оң динамикасы. | Білімдегі олқылықтарды жою | Білім беру нәтижелеріне | Дарынды оқушылардың ғаламтор |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Қорытынды мемлекеттік аттестаттаудың, оң нәтижелері. Конкурстарда жүлдегерлер мен жеңімпаздардың санының артуы. | үшін оқушылармен жеке жұмыстың жеткіліксіз деңгейде жүргізілуі; Ғылыми зерттеу жұмыстарында 8-11 сынып оқушыларының үлесінің аз болуы. Дарынды балалармен жұмыс жүйесінің әлсіз болуы. Магистрант мұғалімдердің ғылыми жобаларға оқушыларды тартуға дайындықтарының жоқтығы. | педагогтардың, ата-аналардың қызығушылығы. Оқушыларға қосымша білім беру бағыттарын ұйымдастыру. | көздеріне тәуелділігі және аралық аттестаттауда және бақылау жұмыстарында, сынақтарда жеңіл ақпарат көзі ретінде пайдаланулары |
| **Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар мен идеалдарға бағдарланған белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке тұлғаны қалыптастыру және өзін-өзі іске асыру шарттары** | | | |
| Ішкі мықты жақтары | Ішкі осал жақтары | Қолайлы мүмкіндіктер | Сыртқы қауіптер (тәуекелдер) |
| Мектеп дәстүрінің болуы. Ата-аналарды жалпы мектептік іс-шараларға қатысуға тарту. Жалпы мектептік ата-аналар комитеті мен қамқоршылық кеңесінің, "қауіп тобындағы" балалармен алдын алу кеңесінің жұмысы, қала мекемелерімен | Мектептің ұйымдастыру құрылымында тең-басқару мен өзін-өзі басқарудың жеткіліксіз дамуы. | Мектепте басқару моделін жетілдіру. Жалпы қоғаммен байланысты кеңейту, мектептің әлеуметтік серіктестерін іздеу. Әр түрлі инновациялық | Интернет желісінің өсуі. Контенттік (заңсыз және әдепсіз материалдар) және коммуникациялық тәуекелдердің болуы. БАҚ-тың өскелең ұрпақтың азаматтық сана-сезімінің қалыптасуына теріс |

| | | | |
|---|---|---|---|
| әлеуметтік серіктестік. | | педагогикалық технологияларды, тәрбие жұмысының түрлері мен әдістерін енгізу. | әсері. |
| **Білім алушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру және іске асыру шарттары** | | | |
| Ішкі мықты жақтары | Ішкі осал жақтары | Қолайлы мүмкіндіктер | Сыртқы қауіптер (тәуекелдер) |
| Білім беру процесінде салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау жөніндегі құқықтық актілер мен нормативтік-техникалық құжаттарды орындау.<br>Дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстары, медициналық–психологиялық–педагогикалық консилиум жұмысын тиімді атқару, Денсаулық мониторингі жүйесінің болуы, ыстық тамақпен қамтамасыз ету. | Оқушылардың қозғалыс белсен-ділігінің жеткілік- сіздігі. Кейбір оқушы лардың дене шынық-тырумен және спорт- пен айналысуға мотивациясының төмендігі. | Оқушылар үшін таза ауада және рекреацияларда қозғалу белсен-ділігін (ойындар) ұйымдастыру. Балалар мен ата–аналардың дене шынықтыру-сауықтыру және ағартушылық бірлескен іс-шараларын өткізу | Мектеп оқушыларының кейбір отбасында дұрыс тамақтану мәдениеті мен салауатты өмір салты болмауы. Оқушылардың белгілі бір бөлігі үшін сапалы үйірмелер мен секциялардың қолжетімді болмауы. |

**Қорытынды:** Құжаттарды МЖМБС талаптарына сәйкес және тексерілген материалдар толық жасақталған.

Ғ. Қайырбеков атындағы «№2 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының және «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 ж. 05.12 № 486 бұйрығының талаптарына сәйкес.

**Комиссияның анықтамасы** **«18» тамыз 2023 жыл**

**Комиссия құрамы:** **қолы**

- **Комиссия төрағасы:** мектеп директоры **С.Б.Нугуманов**
- **Комиссия мүшелері:**

Директордың оқу жұмысы бойынша орынбасары:**Т.С.Сейдахметова**
Директордың тәрбие жұмысы бойынша орынбасары:**А.Ж.Ниязбекова**
Директордың оқу жұмысы бойынша орынбасары: **А.К.Залетаева**
Директордың оқу жұмысы бойынша орынбасары:**Ж.Қ.Кәменова**
Директордың тәрбие жұмысы бойынша орынбасары: **Б.А.Абдульманова**
Директордың бейіндік жұмысы бойынша орынбасары: **Ш.А.Жумагулова**
Директордың шаруашылық жұмысы бойынша орынбасары:**С.Б.Ануаров**
Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: **Б.М.Искаков**